«Professional Community Astana Orleu»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БСН 160440028233

Товарищество с ограниченной ответственностью
«Professional Community Astana Orleu»
БИН 160440028233

Z05H9M1, Астана қаласы,
Достық көшесі, 5, 8 қабат, кеңсе 43
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Z05H9M1, город Астана,
улица Достык, 5, 8 этаж, оф. 43
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Шығ.№ 2034-04 **«18» наурыз 2025 ж.**

Мекеме басшыларына

Құрметті басшылар!

Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді (ТЖҚ) жоспарлау және сатып алу кезінде әкімшілік құқық бұзушылықтармен байланысты тәуекелдерді алдын алу, сатып алынатын ТЖҚ-ге қойылатын талаптарды белгілеу, мемлекеттік сатып алу саласындағы енгізілген және жоспарланған өзгерістерді талқылау мақсатында жауапты мамандардың, сатып алу бөлімдері басшыларының, бас мамандардың, бухгалтерлер мен ұйымдардың басшыларының танымдық- ақпараттық және практикалық іс-шараларына қатысу қажеттілігі туындайды.

2025 жылғы маңызды өзгерістерді және ескере отырып, **«ProCommunity Astana Orleu» ЖШС** сіздің мекемедегі бірінші басшыларды, бас есепшілерді, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарды **2025 жылдың 10-11 сәуір Қызылорда қаласында, «2025 жылғы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың өзекті мәселелері: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерін басқарудағы, нормалаудағы және жоспарлаудағы жаңартулар. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер» тақырыбында өтетін 2 күндік практикалық конференцияғақатысуға шақырады.**

Ағымдағы өзгерістер туралы анықтама:

1. *2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2024 жылғы 1 шілдедегі 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы күшіне енеді.*
2. *2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 (2024 жылғы 9 қазанда ҚР Әділет министрлігінде № 35238 ретінде тіркелген) «Мемлекеттік сатып алуды жүргізу ережелерін бекіту туралы» бұйрығы қолданысқа енгізіледі.*
3. *Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 102 бұйрығымен (ҚР ӘМ 2025 жылғы 5 наурызда № 35779 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына (Мемлекеттік сатып алу саласындағы тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу Қағидалары, бекітілген) түзетулер енгізілді. ҚР ҚМ 26.09.2024 ж. № 646 бұйрығымен және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары, бекітілген. ҚР ҚМ 09.10.2024 ж. № 687 бұйрығымен). Көрсетілген бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі (zan.gov.kz).*

Конференцияның мақсаты: *ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына және 2025 жылы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға қатысты ҚР ҚМ-нің басқа да бұйрықтарына қатысты өзекті теориялық және практикалық білім алу. Сатып алу әдістеріндегі жаңашылдықтарды зерттеу, проблемалық мәселелерді шешу, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамадағы өзгерістерді талқылау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, әкімшілік құқық бұзушылықтарды және мүдделер қақтығысы жағдайларын қарастыру.*

Конференцияның міндеттері:

- *2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын қарастыру (2025*

жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді);

- *2025 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілетін мемлекеттік сатып алуды жүргізу бойынша жаңа ережелерін (Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы)қарастыру;*
- *Конференцияға қатысушылардың нақты практикалық жағдайлары мысалында ТЖҚ жоспарлау және сатып алу кезіндегі ағымдағы проблемалық мәселелерді қарастыру;*
- ***сатып алудың жаңа тәсілдерін және сатып алу тәсілдерін өткізу тәртібіндегі өзгерістерді зерделеу;***
- ***Конкурс, баға ұсыныстарын сұрау және электрондық дүкен тәсілдерімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде демпингтік бағаны анықтау тәртібін зерттеу.***
- ***әлеуетті өнім берушілердің міндеттемелерді орындауы бойынша проблемалық мәселелерді қарастыру;***
- ***Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының және сараптамалық комиссияның (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдану тәртібін зерттеу;***
- ***Отандық тауар өндірушілерді, мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерін, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (бизнес) қолдау мәселелерін қарастыру;***
- ***Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартқа өзгерістер енгізу шарттарын қарастыру;***
- ***Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартты бұзу шарттарын қарастыру;***
- ***әлеуетті өнім берушілердің міндеттемелерді орындауы бойынша проблемалық мәселелерді қарастыру;***
- *Мемлекеттік сатып алуды нормалау мәселелерін қарау – сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес әзірленетін және бекітілетін заттайнормаларды белгілеу және сатып алу тәсілін айқындау;*
- *нұсқамаларды орындау мәселелерін қарастыру;*
- *Конкурсқа қатысу өтінімдерінің мазмұнын, қабылдамау себептерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып мысалдарын қарастыру;*
- *Шарттарды заңдық негіздемелермен пысықтау мүмкіндігімен шарттардың барлық үлгілік нысандарының жобаларын қарау;*
- *Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің мысалдарын қарастыру (талаптардың дұрыстығын негіздеу);*
- *Сатып алуға қатысушылардың әкімшілік бұзушылықтарын болдырмау мақсатында, айыппұлдар кестесін ұсына отырып, сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін талқылау және т. б.*

Модератор, лектор:

Секуова Шұға Бекжігітқызы – *сарапшы-практик, сертификатталған дәріскер – ҚР Қаржы министрлігінің және Еуропалық одақтың жобасы бойынша мемлекеттік сатып алулар жөніндегі жаттықтырушы, мемлекеттік мекемелерде, орталық билік органдарында басқарушы лауазымдарда қызмет еткен, мемлекеттік сатып алулар саласында бай тәжірибеге ие.*

Конференция қатысушылары: *басшылар, бас бухгалтерлер, бухгалтерия мамандары, сатып алу бөлімінің басшылары, мамандары және мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің мүдделі тұлғалары.*

Конференция тақырыбы: *«2025 жылғы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың өзекті мәселелері: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерін басқарудағы, нормалаудағы және жоспарлаудағы жаңартулар. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер».*

Конференцияның өтетін күні: 10-11 сәуір 2025 ж., Қызылорда қаласында.

Қатысушылар саны шектеулі.

Өткізілетінорны: Іс-шараға 3 күн қалғанда қосымша хабарланады.

Жарна: бір қатысушыға ҚҚС есебінсіз **74480** теңге[1],
(Ұйымдастырушы ҚҚС төлеуші болып табылмайды).

KASPI Gold, HALYK Bonus (қашықтан төлеу) арқылы төлеген уақытта – 68 890 теңге

Төлемді кейінге қалдыру кезінде **Kaspi RED (3 айға пайызсыз бөліп төлеу), Kaspi 0-0-12,**

Halyk бөліп төлеу 0-0-3 – 74 480 теңге

Ұйымдастырушыға тәуелсіз жағдайлар бойынша, Іс-шараның бір күніне қатысқан кезде, 45 000 теңге мөлшерінде жарна енгізіледі.

Конференцияның ұзақтығы: 10-11 сәуір, 18 академиялық сағат

Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

Жарнаға мыналар кіреді:

- *Конференцияға қатысу*
- *Бизнес-ланч*
- *Үлестірме материал («Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі», маркер, стикерлер, блокнот,қалам)*
- *Конференцияға қатысқандығы туралы атаулы сертификат*

Қатысушылар үшін бонус – 6 ай бойы «Жазбаша сұрақ – жауап» кері байланыс режимінде лектордан сұрақтарыңызға жауаптар(іс-шараға қатысқаны үшін бонус ретінде тегін беріледі)

Конференцияға қатысу үшін төмендегі телефон нөмірлеріне қоңырау шалу арқылы өтінім беріп, келісім шарт жасау қажет:

Тел: 87084251914, 87172251914, 87084250122

Сіздің жекеменеджеріңіз **Ернат**

Сіз өтінімді келесі e-mail-ға жібере аласыз: ernat@astanaorleu.com

Аталмыш ақпаратты бағдарламалардың әкімшілеріне және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға жеткізуді сұраймыз.

Қосымша 2 бетте.

Бас директор **Б. Аширов**

Қосымша

Конференция бағдарламасы[2]

Конференция тақырыбы: *«2025 жылғы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың өзекті мәселелері: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерін басқарудағы, нормалаудағы және жоспарлаудағы жаңартулар. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер»*

- **Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заңнаманың ерекшеліктерімен танысу, 2025 жылғы 1 қаңтардағы өзгерістерді және олардың ерекшеліктерін талқылау;**
- Қазіргі Заңның қолданылу аясы, мақсаты мен міндеті, пайдаланылатын негізгі ұғымдар;
- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары;
- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері, сатып алудың жаңа тәсілдерін меңгеру;
- Мемлекеттік сатып алу процесі, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасау, бекіту тәртібі. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу; мемлекеттік сатып алу жоспарымен жұмыс;
- Веб-порталда ЖСҚ, сондай-ақ аванстыорналастыру бойынша талап;
- Мемлекеттік сатып алудан бас тарту үшін негіздеме, сондай-ақ мемлекеттік сатып алудан негізсіз бас тартқаны үшін жауапкершілік;
- Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасау, бекіту, сондай-ақ орындау кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- Заңның 7-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер;
- Өнім берушіні жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу тәртібі мен мерзімдері (2025 жылға арналған өзгерістерді ескере отырып), сондай-ақ ерекшеліктер;
- Келісім комиссиясының жұмысы;
- Әлеуетті өнім берушілердің жекелеген санаттарын қолдау. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде 27-бапты қолдану және № 225 бұйрықты орындау;
- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері. Конкурс, Алдын ала біліктілікті іріктеу арқылы жүргізілетін конкурс, рейтингтік-балдық жүйе, Құрылыс бойынша «толық аяқталған» конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу;
- Қаржы министрінің 28.08.2024 жылғы № 589 бұйрығына сәйкес орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу кезінде бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау, сондай-ақ тапсырыс берушілердің бірыңғай ұйымдастырушыларға өтінімдер жіберу тәртібі мен мерзімдері;

Конкурс және конкурстардың түрлері, конкурстың жаңа түрлерін зерделеу;
- Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
- Ұйымдастырушыны таңдау (Тапсырыс берушінің өзі конкурсты ұйымдастырушы болған жағдайлар), конкурстық комиссияның құрамы, хабарландыруды жариялау мерзімдері;
- Конкурсқа қатысуға өтінімдерді (өтінімдерді қарау мерзімдері) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау;
- Қаржылық тұрақтылық;
- Қорытындылау. Конкурс қорытындысы туралы хаттама.
- Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізілмеді деп танудың негіздері мен салдары;
- **Рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып Конкурс; сатып алу түрлері, РБЖ тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алу мерзімдері.**
- **Конкурстың жаңа түрі: құрылыс бойынша «толық аяқталған» конкурс;**

Аукцион тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі:
- Аукцион өткізу.
- Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
- Аукционға қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау, аукцион қорытындылары;
- Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізілмеді деп танудың негіздері мен салдары.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу:
- Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері.
- Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу (хабарландыруды жариялау мерзімі, демпинг, өтінімдерді жаңа % қамтамасыз ету және шартты қамтамасыз ету)
- Қорытынды шығару, жеңімпазды анықтау, шарт жасасу;
- Өтінімді қамтамасыз етуді енгізу және шарттың орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ демпингті қамтамасыз ету (бар болған жағдайда).
- Стандарттарға қойылатын талаптар: ҚР СТ және МСТ.

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу

- Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу, 16-баптың 2-тармағы:
- Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру жағдайлары және негіздемесі;
- Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақыру үшін әлеуетті өнім берушіні айқындау туралы шешім;
- 34-Қосымшаға сәйкес, есептілікті ұсыну тәртібі мен жағдайлары;
- Бір көзден шақыру жіберу мерзімдері мен тәртібі, өтінімдерді қарау, қорытындыларды шығару.

Бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу 16-баптың 3-тармағы:

- Бірінші басшының дербес жауапкершілігі.
- 16-баптың 3-тармағы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу;
- Тікелей шарт жасасу үшін әлеуетті өнім берушіні анықтау туралы шешім, бұйрық және жеке жауапкершілік, сондай-ақ ерекше жағдайдың мысалдары;
- Заңның 16-бабы 3-тармағының 41-тармақшасы, ФЛБ және 1), 5), 10), 19), 20), 23), 25), 27), 36) тармақшалар негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіні айқындау тәртібі;
- Тікелей жасасу арқылы шарт жасасу және шарттарды орындау.
-

Тауарлардың электрондық каталогы

- Электрондық каталогты қолдану тәртібі;
- Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі;
- Өнім берушіні анықтау және шарт жасасу.

Шарттар жасасу және есептер беру тәртібі мен мерзімдері (17-бап)

- Мемлекеттік сатып алу туралы шарт, шарттардың нысандары. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу (электрондық шарттар жасасу міндеттілігі);
- Электрондық шарт жасасуды міндеттемейтін жағдайлар.
- Шарт жобасын жасау мерзімдері, Тапсырыс беруші мен өнім берушінің келісуі, қол қоюы;
- Шартты ұзарту, шартты бұзу, көлемге қажеттілікті ұлғайтуға немесе азайтуға арналған қосымша келісімдер;
- Шарт жасасудан жалтару;
- Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару;
- Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың күшіне енуі;
- Шарттық міндеттемелерді орындамау, тиісінше орындамау (шартты орындау мерзімдерін бұзғаны үшін салдарлар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбының мөлшері, сондай-ақ өндіріп алмағаны не уақтылы өндіріп алмағаны үшін жауаптылық);

Төлем алдындағы құжаттар

- Өнім берушінің веб-портал арқылы шарттың орындалуы туралы ақпаратты (орындалған жұмыстар актілері, көрсетілген қызметтер актілері, тауарларды қабылдау актілері, электрондық жүккұжат, шот-фактуралар) ұсынуы;
- Тапсырыс берушінің өнім берушінің актілерін қарау және бекіту мерзімдері, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қабылдаудан бас тарту жағдайлары;
- Тұрақсыздық айыбын толтыру тәртібі;
- Есеп беру;
- Тапсырыс берушінің төлемді уақтылы жүргізу бөлігінде шартты орындауы, жеткізілген тауар, орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет үшін уақтылы төлемегені үшін тапсырыс берушінің жауапкершілігі;
- Заңның 18-Бабы. Шарт жобасына, жасалған шартқа өзгерістер енгізу, сондай-ақ шартты бұзу жөніндегі негіздер;
- Жасалған шартқа өзгерістер енгізу тәртібі мен негіздері.

- **Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі.**
  Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзудың салдары;
- Әкімшілік және тәртіптік жауапкершілік. Комиссия төрағасына, мүшелеріне, комиссия хатшысына әкімшілік айыппұл салу жағдайлары және айыппұлдардың мөлшері;
- Қандай жағдайларда тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, комиссия мүшелері әкімшілік жауаптылықтан босатылады;
- Заңның 25-Бабы. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдану;
  Талқылау. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ.

[1] ***Конференцияға қатысу үшін шақыру шарттары мынадай жағдайларда қайта қаралуы мүмкін: ТЖҚ жеткізушілерінің баға саясатының өзгеруі, ҚР Салық салу шарттары, инфляция деңгейінің өзгеруі, сондай-ақ бағаның қалыптасуына әсер ететін басқа да факторлар.***

[2] ***Конференцияны ұйымдастырушы бағдарламаны ҚР Заңнамасына енгізілген өзгерістерге және өзге де шарттарға сәйкестолықтыруға жәнетүзетуге құқылы.***